

## ЗИНАИДА ТАБАКОВАНЫҢ ЕРЕКШЕ ҮЛЕСІ

Даналығы мен еңбегін университетке арнаған профессор, мерейтой иесі Зинаида Петровна Табакова білім ошағымыздың басшылығы атынан Басқарма төрағасы – ректор Ерлан Шулановтың құттықтау лебізін қабыл алды.

Университеттегі қызметтік жолында оқытушы өзін құзыретті маман ретінде көрсете білді. Ол «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасында сабақ беріп, ұзақ жылдар бойы басқарды. Берген тәлімі мен сабақтары әрдайым жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленіп келеді.

Зинаида Петровнаң бастамасымен кандидаттық диссертацияларды қорғау кеңесі ашылды. Ондаған диссертациялар профессордың жетекшілігімен қорғалды. Осы салада шәкірттер тәрбиелеп шығарған оқытушының зор еңбегі байқалады.

Тәжірибелі ұстаздың 200-ге тарта ғылыми еңбектері жарыққа шыққан. Бүгінде көпке қадірлі оқытушының ғылыми мектебі Қазақстанда ғана емес, шетелде де танымал, оның ғылыми қызметі туралы Хельсинкиде басылып шыққан «Кто есть кто в современной русистике»



атты халықаралық энциклопедияға енгізілген.

Сондай-ақ, шығармашылық еңбек жолында Зинаида Петровнаң ғылыми қызығушылықтары өте кең: синтаксис, этнопоэтика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, әлемнің тілдік суреті.

Оқытушының кәсіби шеберлігі, қажырлы еңбегі және белсенді қоғамдық жұмысы жоғары наградалармен: «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «ҚР білім беру ісінің үздігі», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілері, «СҚО Құрметті азаматы» атағы, ҚР ҒЖБ министрлігінің, облыс әкімінің құрмет грамоталарымен марапатталды.

Құрметті Зинаида Петровна, мерекенізбен құттықтай отырып, сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбегіңіздің жемісін көріңіз деп тілейміз!

[www.nku.edu.kz](http://www.nku.edu.kz)

**«Быть интеллектуальным центром образования, науки и культуры, драйвером социально-экономического развития Северного Казахстана» - такой девиз Kozymbayev University.**

В этом году Северо-Казахстанскому университету имени М. Козыбаева исполняется 85 лет. Он прошел не один этап прежде чем сформироваться как ВУЗ, которым является сейчас. Мы считаем, что история КУ - это ряд последовательно сменяющих друг друга этапов

## История Kozymbayev University

становления и стремительного развития, который должен знать не только студент, но и каждый человек вышедший из нашего региона. Из института, состоящего всего из двух факультетов, он превратился в многопрофильный университет в арсенале, которого теперь 8 факультетов и 60 специальностей.

(Продолжение на стр. 9)

## ҚЫЗЫЛЖАР ӨңІРІНДЕГІ ЖАС ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ БІЛІМ ҰЯСЫ



түкпірінде, шетелдерде қызмет тауып, медиа тұлға ретінде қалыптасып, еңбек етіп жүр.

Соңғы жиырма жылдың ішінде 600-ден аса жас маман дайындап шығарған кафедрамыздың абыройы асқақ. Бүгінде өңіріміздің БАҚ саласын толығымен қамтамасыз етіп отыр.

«Qyzyljar» телеарнасының директоры Ерлан Тоқшалық, «Soltüstik Qazaqstan» облыстық газетінің бас редакторы Ербақыт Амантайұлы, «МТРК» телеарнасының шеф-редакторы Дана Ғизатова, ҚР Қорғаныс

заманның жаңа ағымымен қатар адымдап, конвергентті журналист болу мақсатын алға қойған.

Бұқаралық ақпарат құралдары заман ағымының кәсібі. Дәуірдің даму үдерісіне ілесіп отыруға тиісті кәсіп. Сондықтан соны өзгерістер мен инновациялық дамулар біздің кафедра ұжымына да биік мақсаттар жүктейді. Оған біздің еліміздің білім саласына көрсетіп отырған қолдауы да үлкен демей.

Қазіргі кезде Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіндегі іргелі кафедралардың бірі – «Журналистика» кафедрасында филология ғылымдарының кандидаты, доцент Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мырзантай Қожабайұлы Жақып, аға оқытушы Гүл-гүл Қуатқызы Түлешова, магистр Татьяна Александровна Морозова, магистр Айсара Қайсарқызы Шалабаева, магистр Гүлшара Жоламанқызы Мұхаметжан, әдіскер Нұргүл Болатқызы Айтенова ғылым және жоғары білім саласында жемісті қызмет етіп жүр.

Еліміздің дамуына ықпал ететін басым бағыттар бойынша кадрлар даярлауға бағытталған халықаралық «Болашақ» бағдарламасы еліміздің азаматтарына әлемнің үздік жоғары оқу орындарында тегін білім алуға тамаша мүмкіндік жасауда. Жыл сайын қазақстандық жастардың ғана емес, орта буын өкілдерінің де әлемнің ең үздік оқу орындарында тағылымдамадан өтуге мүмкіндігі алуда.

Осы орайда, журналистика саласымен байланысты қарқынды дамып келе жатқан цифрлық технологиялар жағдайында АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы Фильм академиясында сегіз ай тәжірибемді шыңдай түсуге мүмкіндік алдым.

**(Соңы 3-бетте).**

**Журналист мамандығы** – қиындығы мен қызығы мол, жан-жақты шығармашыл болуды талап ететін жауапты сала. Сондықтан осы саланы таңдаған білім алушыларға болашақта журналистика саласының білгір де білікті, кәсіби жоғары маманы ретінде қалыптасуы үшін Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Тарих, экономика және құқық факультетіне қарасты «Журналистика» кафедраларымыздың профессор-оқытушылары аянбай еңбек етуде.

Биыл журналистер мамандығын дайындау үрдісімізге 25 жыл толып отыр. Тарихымызға тоқталатын болсақ, алғашқы журналистика саласы бойынша орыс тобының ашылуына дәнекер болған филология ғылымдарының докторы, профессор Зинаида Табакова болса, ал қазақтілді журналистерді даярлауға бастама-шылдық танытқан, осы істі үлкен қажырлы еңбекпен алып жүрген құрметті еріптесіміз, журналист-ғалым Зарқын Тайшыбай.

Осындай зиялы ұстаздардан дәріс алып, түлеп ұшқан журналистер өңірімізде ғана емес, республикамыздың түкпір-

министрлігі медиа-орталығы бастығының орынбасары, подполковник Руслан Жангулин, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің баспасөз хатшысы Тимур Әбдірешов, «Первый Северный» телеарнасының бас редакторы Нұргүл Алина, «Хабар» және «Хабар-24» арналарының тілшілері Айдарбек Балғабеков пен Самат Жақыпов сияқты мақтан тұтар шәкірттеріміз аз емес.

Университетіміздегі қазақ және орыс филологиясы кафедрасының жанынан 25 жыл бұрын ашылған журналистика бөлімі, бүгінде жеке отауын тігіп, алтыншы жыл «Журналистика» кафедрасы болып отыр. Алғашқы жылдары мамандықтың бакалавр дәрежесін ғана даярласа, қазір магистрлерді де оқытады.

Студенттердің тәжірибелік дағдыларын жетілдіру мақсатында осыдан екі жыл бұрын университет жанындағы «Медиа орталықпен» бірлесіп, студенттердің «Парасат» редакциясын ашқан болатынбыз. Ол жерде студенттеріміз өздері газет шығарып, арна тілшісінің дағдысын үйреніп, журналист кәсібін тәжірибе жүзінде шыңдауда. Нақты айтсақ, әр түлегіміз медиа саласындағы

(Басы 2-бетте).

Университетте қызмет атқара жүріп, «Медиа сауаттылық», «Медиаэтика» және «Дата-журналистика» пәндерін жоба шеңберінде зерттеудің нысаны етіп алып, ізденіс жұмыстарын жүргізгенім тағылымдамадан өту барысында үлкен септігін тигізді. Себебі осы пәндер шеңберінде қарастырылатын өзекті мәселелер, алған дәрісімнің «Broadcast journalism» бағытында қызықты сала екендігіне көзімді жеткізді.

АҚШ Халықаралық даму агенттігінің (USAID) қолдауымен MediaCamp Орталық Азия бағдарламасы аясында медиа және цифрлық сауаттылық бойынша грант жеңіп алып, қазақ тіліндегі «Медиа сауаттылық» көмекші оқу құралының алғашқы авторы атануым, сонымен қатар «Жарнама саласындағы медиа сауат» тақырыбына арналған тағы бір гранттың иегері болуым менің ғана емес, «Журналистика» кафедрасының да абыройын асқақтатты деп ойлаймын.

Жалпы менің авторлық еңбектерім журналистика саласының қат әдебиеттерін толықтырғаны сөзсіз. Шет елде жүрген күндерім мен үшін табысты болды, саланың біраз мәселесін басқа қырынан тануға жол ашты. Ең маңыздысы, тағылымдама шеңберінде медиа өнімдерді таратуға жауап беретін платформалардың түрлі жүйесін танып, бағдарлама талабына сәйкес



ұсынылатын кәсіби бейне монтаж жүйелерінің санатына жататын компьютерлік бағдарламаларды меңгеру, олжалы болуымның бір көрінісі деймін.

Үйренген дағдыларым мен алған тәжірибемді шәкірттерімің бойына сіңіруді міндетім санаймын. Заманауи мультимедиялық контент құруға, аудиторияны жетекші мамандардың дағдыларымен таныстыруға, деректі киноның репортері, продюсері және режиссері болуға, студенттердің аудиовизуалды контент жасауда шығармашылық қызмет түрі ретінде экрандық режиссура ерекшеліктерін меңгеруге көмектесіп, баулуды көздеймін.

Осы орайда айтпағым, болашақ журналистерге дәріс беру барысында,

практика бағытына аса назар аударуды бірінші орынға қою керек. Себебі ұсынылатын медиа контент бұрынғыға қарағанда анағұрлым интерактивті.

Соңғы заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізумен қатар, медиа ресурстық базаны барынша пайдалануға мүмкіндік беретін құралдардың ерекшелігін кәсіби деңгейде игеріп, қолдана білуіміз уақыт талабы болып табылады.

**Айсұлу Жақсылыққызы ШАЙКЕНОВА,**  
«Журналистика» кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты.

### Ғылым министрлігінің бағдарламасы жүзеге асуда

Инновациялар және интернационалдандыру мәселелері жөніндегі Басқарма мүшесі Дәмел Мектепбаева АҚШ-тан келген оқытушы Тимур Альфред Мавлютовпен кездесті. Ол ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің шетелдік ғалымдарды еліміздің жоғары оқу орындарына тарту бағдарламасы аясында университетімізде қызмет жасау үшін келді.

докторы, Висконсин Мэдисон университетінің оқытушысы (Висконсин қ.) Қозыбаев университетінің медицина факультетінде сабақ бере бастайды.

Америкалық әріптес «Офтальмология негіздері» пәнін бір ай бойы «Жалпы медицина» білім беру бағдарламасының студенттері үшін ағылшын және орыс тілдерінде оқытады.

Өткен жылы министрліктің осы

Тимур Альфред Мавлютов – PhD бағдарламасы бойынша біздің сту-



денттерімізге Литва, Болгария, Түркия, Италиядан келген шетелдік мамандар дәріс оқыды.

#KozybayevUniversity#KU  
www.nku.edu.kz

## 12 студент LOGO бағдарламасымен Германияда болды

Университет қабырғасында «Тұрақты ауыл шаруашылығы және цифрлық трансформация жағдайында білім беру» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Басқосуға LOGOe.V (Германия) қауымдастығының төрағасы және қызметкерлері, ASA (Германия) халықаралық бағдарламасының бакалаврлары мен магистрлері, отандық және шетелдік университеттердің өкілдері, фермерлер

бағдарламасы бойынша Германияда тәжірибеден өтуде.

Меннен Хартвиг, LOGOe.V қауымдастығының төрағасы Қазақстан, Ресей,

Өзбекстан, Германиядан келген конференцияға қатысушыларды құттықтады. Ол



Қазақстанда Еуропалық

Одақ стандарты бойынша сертифицирталған 300 мың гектарға жуық жер бар. Тұтастай алғанда, органикалық егіншіліктің мемлекет үшін оң аспектілерінің толық тізбесі бар, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық әлеуетті арттырады».

Қатысушылар ауыл шаруашылығы білімінің болашағы мен мүмкіндіктерін қозғады.

«Экологиялық таза өнім мәселесі бәріміз үшін өзекті. Қазақстан Еуропалық Одаққа органикалық өнімдерді экспорттаушылар арасында 9-шы орында. Өзірге облысымызда органикалық өнім өндіретін 3 кәсіпорын бар. Бұл бағытта біздің әлеуетіміз өте зор», - деді СҚО ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Жанат Тоқсанбаев.

Атап өткен жөн, бүгінде оқу ордамыз бен LOGOe.V. шамамен 10 жыл ынтымақтастық құруда. Ұйым кәсіптік оқытумен, органикалық егіншілікпен айналысады. Ауыл шаруашылығы мамандықтарының студенттері үшін практикалар мен семинарлар ұйымдастырады, оларға қазірдің өзінде 4000-нан астам бала атсалысты.



мен органикалық өнім өндіретін компаниялар, университеттің студенттері мен ПОҚ жиналды.

Жыл сайын біздің ЖОО студенттері де Германияның агроқұрылымдарында, экологиялық кәсіпорындарында ақы төленетін практикадан өтеді. Бүгінде университетіміздің 14 студенті LOGOe.V

ты.

Кездесуде ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту, органикалық даму тұрғысынан Қазақстандағы мәселелер талқыланды.

Қазақстан органикалық ауыл шаруашылығы қозғалысы федерациясының

төрағасы Евгений Климовтың айтуынша, бұл секторда жыл сайын шамамен 10% тұрақты өсу байқалады, органикалық өнімдерді сату нарығы артып келеді: «Жалпы қазір



## Білім, ғылым және өндіріс: өзара байланыс қырлары

Білім, ғылым және өндірісті интеграциялау мәселелеріне арналған кездесу университет қабырғасында Дүниежүзілік стандарттау күнінде өтті.

Дөңгелек үстелге Петропавл қаласының өнеркәсіп кәсіпорындарының өкілдері, Инженерлік және сандық технологиялар факультетінің ПОҚ мен білім алушылар, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының ғалымдары жиналды.

Жоғары оқу орындарының инновациялық қызметін дамытудың қазіргі кезеңінің ерекшелігі – зерттеу, өндіріс және кадрларды даярлаудың бірыңғай процесіне біріктіретін ғылыми-білім беру кешендерін құру қажеттілігі болып отыр. Бұл барлық кезеңдердің: білім – ғылым – өндіріс арасындағы тығыз ынтымақтастығын қамтиды. Сондықтан қала кәсіпорындарымен байланыс орнату, техникалық тапсырмаларды анықтау өте маңызды. Іс-шара дәл осыған бағытталды.

Ө.А. Жолдасбеков атындағы механика және машинатану институтының бас директоры Амандық Төлешов Қозыбаев университетінің ғылыми әлеуетімен жақсы таныс екенін атап өтті. Ол мұнда бірнеше жыл бірінші проректор болып қызмет атқарды. Осы



уақытқа дейін байланыс үзілген жоқ.

«Біз Солтүстік Қазақстан ЖОО-мен бұрыннан байланыстамыз. Бүгінгі таңда осы жерден көптеген ғалымдар біздің бағдарламаларымызда орындаушы ретінде жұмыс істейді. Атап айтқанда, біз сорғы жасау бағдарламасын әзірледік, онда В. Савинкиннің жетекшілігімен ғалымдардың бүкіл тобы жобаның ғылыми міндеттерін шешуге қатысады», - деді ол.

«Өндіріссіз ғылымды дамыту мүмкін емес. Ал нақты сектордан серіктес пайда болған кезде біз алға қадам басамыз», - деп есептейді Азаматтық авиация академиясының ғылыми қызмет және цифрландыру жөніндегі проректоры Қайрат Көшекөв.

Бүгінгі таңда ИСТФ өңір кәсіпорындарымен бірлесіп 3 ғылыми жобаны іске асыруда және біздің ғалымдар жаңа ашуларға әрдайым дайын.

#KozybayevUniversity#KU  
www.nku.edu.kz



### Ғылым департаментінің тыныс-тіршілігі

Біз сіздерді ЖОО бөлімшелерімен таныстыруды жалғастырамыз. Бүгін біз Ғылым департаменті туралы айтатын боламыз. Қызықтың барлығы осында! Университеттің Жас ғалымдар кеңесімен бірлесе отырып, олар түрлі ғылыми байқаулар өткізеді. Онда әртүрлі курс студенттері, магистранттары мен докторанттары қатыса алады. Ең инновациялық жұмыстар ақшалай сыйлықтармен және шағын гранттармен ынталандырылады. Олар жеңімпаздарға жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Биылғы оқу жылына көптеген ғылыми байқаулар жоспарланған. Қатысу үшін үлкен жетістіктер маңызды емес, тек қызықты жоба ойлап тауып, оны жүзеге асыру жеткілікті. Сонымен қатар, жыл сайын Ғылым департаментінде сантүрлі тақырыптар бойынша пайдалы семинарлар мен тренингтер өткізіледі: шетелдік басылымдарда мақалалар жариялау, әлемдік жетекші ғылыми деректер базасы, ғылыми жобаларды табысты іске асыру тәжірибесі және т.б. Егер сіз өзіңізді зерттеулер мен стартаптарда көрсеткіңіз келсе, № 2 ОК, 203 кабинетіне хабарласыңыз. Мұнда университеттің ғылыми қызметінің жаңалықтарымен танысасыздар.



Департамент  
науки

#KozybayevUniversity#KU

## Белгілі ғалымға құрмет



Қозыбаев университетінің тарих мұражайында атақты археолог Виктор Зайберттің атаулы залының салтанатты ашылуы өтті. Виктор Федорович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археологиялық институтының, ҚР Қоғамдық ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі, әлемдік аты бар ғалым. Ол бізді Ботай мәдениетімен таныстырып, 1980 жылы Ботай елді мекенін (қазіргі СҚО аумағында) ашты. Дәл осы жерде жылқының алғашқы қолға үйретілгені дәлелденді.

Виктор Зайберт біздің жерлесіміз, тас дәуірінің ескерткіштерін зерттеу саласындағы маман, бірнеше ғылыми жаңалықтардың және Солтүстік Қазақстанның ежелгі тарихы туралы 100-ден астам кітаптар мен мақалалардың авторы.



Оның өмірі біздің оқу ордамызбен тығыз байланысты. Мұнда ол педагог, тарих кафедрасының меңгерушісі, декан, проректор болып жұмыс істеді. Сондай-ақ оқу-ғылыми орталығын басқарды, Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі болды.

30 қыркүйекте ол 75 жасқа толар еді. Осы күн қарсаңында ЖОО-да В.Ф. Зайбертке арналған зал ашылды, мұнда ғалымның еңбектері, фото-бейнематериалдары, жеке заттары жинақталған. Интерактивті стендтердің көмегімен келушілерге көрнекті қазақстандық археологтың өмірбаяны, ғылыми жаңалықтары, мұрасы туралы айтылады.

[www.nku.edu.kz](http://www.nku.edu.kz)

## Оқу ордамызда ойлап табылған қызықты жоба

2018 жылы Қозыбаев университетінің базасында Ғылыми-технологиялық су орталығы құрылды. Оның құрамына университеттің ғалымдары кіреді, студенттер практикадан өтеді.

Өткен жылдан бастап Петропавлдан ағынды сулар ағып жатқан жерді қалпына келтіру мәселесімен тығыз айналысты. Жыл сайын көктем-жаз мезгілінде қалаға жағымсыз иіс су қоймасынан шығады. Бұл мәселенің шешімі университетте шығарылған хлорелла микробалдырының штаммы болды. Оның 400 тоннасын өткен жылы FTCO қызметкерлері жинақтаушы тоғанға енгізген болатын.

Жұмыс тіпті қыста да тоқтаған жоқ. Мұның бәрі өз нәтижесін көрсетті: сутегі сульфидінің шығарындылары едәуір азайды, судағы оттегінің концентрациясы артты, су қоймасын өзін-өзі тазартудың табиғи механизмдері іске қосылды.

Хлорелла зиянды заттарды «жей» бастады, оларды өңдеп, оттегін шығарды. Сонымен қатар «жасыл көмекші» ағынды сулардағы заттармен қоректенеді және судың «гүлденуіне» жағымсыз иіс тудыратын балдырлардың басқа түрлерін басады.

Жыл сайынғы тексеру кезінде «Қызылжар су» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшелері де оң динамиканы байқады (теңгерімінде биотоған бар).

Мамандардың айтуынша, қазір хлорелла тоғанға тұрақты негізде бекітілуіне қол жеткізу керек. Содан кейін тазарту қондырғыларын жөндеумен қатар, біршама жылдар бойы шешілмеген мәселені жеңуге болады.

Ғылыми-технологиялық су орталығы ғалымдарының жұмыстары 2023 жылға дейін жүргізілетін болады. Қазір хлорелла университет қабырғасында «өсіріледі». Содан кейін «толық аяқталған» технологиясы «Қызылжар су» ЖШС-не беріледі, олардың аумағында фотобиореактор қойылады және олар өздері биоматериал өндіре алады.

Айта кетсек, бүкіл қаланың биологиялық тұндырғышын тазарту үшін Қазақстанда алғаш рет осы микробалдырды қолдануда.

#KozybayevUniversity#KU



## • ЖАҢАЛЫҚТАР

### Университет студенттерге арналған ІТ мектебін ашуды жоспарлап отыр



Қозыбаев университеті мен Parakozm Ltd халықаралық компаниясы арасында Ынтымақтастық туралы келісімге қол қоядың арқасында мүмкін болды. Өріптестер тобының қатарына БАӘ, Үндістан және Қазақстанның кәсіби мамандары кіреді. Компания АХҚО және IT-Astana HUB халықаралық технопаркінің мүшесі болып табылады.

Негізгі қызметінің бағыттары EdTech және IT-консалтинг (IT Хаб, LMS білім беру платформаларын, мобильді қосымшаларды, кітапхананы цифрландыру шешімдерін және т.б. іске қосу жобаларын әзірлеу). Мұндай ынтымақтастықтың мақсаты ҚР мен СҚО ақпараттық, білім беру және

зияткерлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту болып табылады.

Parakozm Ltd компаниясы Zeba Academy деп аталатын кәсіпорны арқылы білім беру мазмұны мен оқу ресурстарын қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс істейді.

Біздің университетте студенттерге арналған ІТ мектебі тегін болады. Сондай-ақ, кейбір оқытушыларымыз сонда сабақ береді. Оның негізінде ақпараттық технологиялар саласындағы студенттерге арналған ІТ курстары мен қосымша тұрақты іс-шаралар өткізілетін болады. Сондай-ақ, IT Хаб, ZebaAcademy студенттері мен түлектері үшін фрилансерлік және желілік мүмкіндіктерді ұсынады және Қозыбаев университетінің ақпараттық технологиялар факультетінің ІТ түлектерінің жобаларын жүзеге асыру үшін инвестиция тартуға көмектеседі.

#KozybayevUniversity#KU

www.nku.edu.kz

### Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы

Қозыбаев университетінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Дмитрий Малаховпен кездесу өтті.

Шараға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің СҚО бойынша департаментінің басшысы Сергей Перов, СҚО әкімдігінің білім басқармасының басшысы Нәзір Жәшібеков, ЖОО мен колледж студенттері арасынан «Sanaly ugra» қоғамдық бірлестігінің белсенділері қатысты.

Диалог форматында өткен кездесуде өскелең ұрпақты адалдық пен инабаттылық рухында тәрбиелеу тақырыбы қозғалды. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен белсенді күресудегі жастардың рөлі талқыланды.

Басқарма Төрағасы – Ректор Ерлан Шуланов университетімізде ашық әрі адал білім алуға жағдай



жасалғанын мәлімдеді:

«Біз университетке тек диплом алу үшін келгендерді емес, білім алғысы келетін студенттерді қабылдаймыз. Сондықтан біз ресейлік жоғары оқу орындарынан келетін «бүйірлік жолды» жаптық, ҚОТ студенттерін күндізгі оқу бөліміне ауыстырдық.

Бүгінде университетте барлық шешімдер алқалы түрде қабылданады. Биыл студенттерді жатақханаға орналастыру тәртібі барынша ашық әрі жедел жүргізілді».

Ресми бөлімнен кейін студенттер баяндамашыларға сұрақтар қойып, өз ұсыныстарын білдірді.



#KozybayevUniversity#KU

www.nku.edu.kz

## Халықаралық бағдарлама оқытушысы


Біз сіздерді Аризона университетімен бірлескен халықаралық бағдарламалардың оқытушыларымен таныстыруды әрмен қарай жалғастырамыз.

Биыл университетімізге «Жоғары математика» пәнінен сабақ өткізуге Рустам Гатамов шақырылды. Ол көптеген мамандықтар бойынша студенттерге сабақ береді. Олардың қатарында болашақ инженерлер, биотехнологтар т.б. бар.

Оқытушы Назарбаев университеті мен Вандербильт университеттерін тәмамдады. Бүгінде Ultrafastpump-probespectroscopy (ультра жылдам пробеспектроскопия) саласында зерттеу жүргізеді.

Осыған дейін АҚШ-тың Вандербильт университетінің оқытушы көмекшісі қызметін, Афина қаласындағы күрделі жүйелерді математикалық модельдеу бойынша докторлық мектебін аяқтаған.

Алматыдағы Тянь-Шань ғылыми станциясында, сондай-ақ, Курчатов қаласындағы Ұлттық ядролық орталықта тағылымдамадан өтті.



**Халықаралық  
бағдарламалар  
оқытушысы**

#KozybayevUniversity#KU

www.nku.edu.kz

## Бізбен бірге жүгірі!

Тезімділік пен жеңіске деген ерік-жігер танытқандардың барлығына нағыз спорт, сергектік біріктірді. Оқу ордамыздың 85 жылдығына арналған жаппай жеңіл атлетикадан жарысқа 700-ге жуық адам жиналды.

Барлық спортшылар 3000 метр қашықтықты еңсере алды. Олар 1-ші корпус алаңынан Абай, М. Жұмабаев, Қазақстан Конституциясы, А. Пушкин көшелерінің бойымен екі кезеңмен: алдымен оқытушылар мен қызметкерлер және студенттер жүгіріп өтті.

Марафонға белгілі WBA және IBO кәсіпқой боксшысы Жанат Жақиянов және жарыс бойынша сурдлимпиада ойындарының жеңімпазы Фархад Қыстаубаев спортшылары қатысты.

Мәреге жеткен барлық қатысушыларға нөмірлері бар сертификаттар берілді. Соған сәйкес шара соңында университеттің брендтік өнімдерімен қоса 30-дан астам бағалы сыйлықтар ойнатылды. Әрбір жеңімпаз, демеушілер тарапынан сыйлықтарға ие болды.

Нәтижесінде жарыс жеңімпаздары анықталды:

- ПОҚ мен қызметкерлер арасында – Салтанат Исмағұлова (МЖФФ) және Дмитрий Кузьменко (ПФ);

- студенттер арасында – Никита Иост (ДШС-22 тобы), Жанар Амангелді (ДШБӨД-20 тобы).

Құттықтаймыз!

## Жүйрік, жылдам, шапшаң!



Петропавл қалалық саябағында студенттер арасында Қазақстан Республикасы күніне арналған күзгі жеңіл атлетикалық кросс өтті. ЖОО-да жыл сайын ұлдар үшін 2000 метрге және қыздар үшін 1000 метрге дәстүрлі жүгіру өткізіледі. Бұл жолы 70-тен астам студент қашықтықты бағындырды.

Нәтижесінде:

1 орын – Никита Изотов (ПФ, ФКНВП-21) және Ангелина Кудрявцева (ПФ, ФКС-21); 2 орын – Вячеслав Сидоркин (ПФ, ФКС-21-1) және Юлия Безушко (ПФ, ФКНВП-21); 3 орын – Денис Тимошин (ТЭЖҚФ, Э-22) және Даяна Ақпанова (МЖФФ, Е-20).

Сонымен қатар жарыс басталар алдында студенттерге Максим Чижма мен Аман Рахметовқа Мәдениет және спорт министрлігінің спорт шеберлері атағы берілген куәліктері, ал Никита Изотовқа – спорт шеберіне кандидат белгісі табысталды. Жарыста спортшылар жазғы және қысқы президенттік көпсайыс бойынша тиісті нормативтерді орындады.

Спортшыларды құттықтаймыз!

#KozybayevUniversity#KU

www.nku.edu.kz

**KU жаңалықтарын [ku.edu.kz](http://ku.edu.kz)  
сайтында бірінші болып оқыңыз**



Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева - числится среди самых старейших учебных заведений Республики Казахстан. История КУ - это ряд последовательно сменяющих друг друга этапов становления и стремительного развития.

Из института, состоящего всего из двух факультетов, он превратился в много-профильный университет в арсенале, которого теперь 8 факультетов и 60 специальностей. Его история длиною в 85 лет начинается еще в 1937 году с «Петропавловского учительского института», которому в 1945 году присвоили имя известного педагога XIX века К.Д.Ушинского.

В этом же году институт сыграл важную роль в становлении и развитии технических специальностей. Поэтому внимание уделялось открытию филиалов Всесоюзного заочного машиностроительного института (учебно-консультационный пункт). И Уральского политехнического института - Петропавловский ОТФ (общетехнический факультет). В 1960 году был открыт ОТФ Карагандинского политехнического института, на базе которого в 1994 году был



Северо-Казахстанского университета и Высшего технического колледжа в единое учебное заведение. В то время Казахстан шаг за шагом начал присваивать учреждениям государственный статус. И 31 января 2001 года наш ВУЗ получил заветное положение и стал называться «Северо-Казахстанский государственный университет».

30 мая 2003 года постановлением Правительства Республики Казахстан имя учёного-историка, академика Манаша Козыбаева присвоено Северо-Казахстанскому государственному университету.

25 мая 2020 году Приказом Министерства финансов Республики Казахстан



"Северо-Казахстанский государственный университет имени Манаша Козыбаева" входит в число реорганизованных университетов, которому, конечно же, присуждается название - некоммерческое акционерное общество (НАО) "Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева". Благодаря богатой истории ВУЗа, СКУ сегодня является коллективным членом Международной Академии Высшей школы и Международной ассоциации университетов. При СКУ созданы филиалы и отделения Инженерной Академии РК, между-

образован Высший технический колледж. Далее правительство решает в тот же год усовершенствовать институт и на базе педагогического института имени К. Д. Ушинского открывает Северо-Казахстанский университет (СКУ), и имя К. Д. Ушинского исчезает из названия ВУЗа. В 1996 году происходит слияние

народной кадровой Академии, Национального комитета РК «IAESTE» по обмену студентами. Учёные университета участвуют в разработке международных, республиканских, региональных, межотраслевых и отраслевых программ. Студентам в Kozybayev University открыты все возможности для дальнейшего саморазвития. У нас функционируют Ассоциация выпускников вуза, родительские комитеты. Студенческие общественные организации такие как, комитет по делам молодежи (КДМ), студенческий ректорат, первичная профсоюзная организация. Более

(Окончание на 10-стр).

(Начало на 9-стр).

того, учащиеся свой досуг могут проводить в наших студ. театрах: Пилигрим и Шаңырақ. Имеется ансамбль современной хореографии «Antourman» и фольклорно-этнографический ансамбль «Шертер».

Более 7 тысяч студентов обучается в нашем ВУЗе, и каждый год выпускает специалистов своего дела. Не могу не отметить, выпускников 2022 года факультета истории, экономики и права, кафедры «Журналистика» - Чинишлова Вячеслава Валерьевича.

Он является неоднократным обладателем премии «Лучший студент». Автор 11 научных статей, и в свои годы уже соавтором 4-х учебно-методических пособий.

